

Бекітемін:
Мектеп директоры

«№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мектепшілік жоспарға сәйкес 25 – 29 тамыз аралығындағы бақылау нысандары

қ/с	Бақылау нысандар	мерзімі	жауапты	Қаралатын орны
1	«BilimClass» электрон журналының толтырылуы, бағалардың дұрыс қойлуы	Апта бойы	Пән мұғалімдері	Директор жанындағы кеңес
2	БЖБ, ТЖБ кестесін жасап, бекітіру	26.09.2023ж	Бірлестік жетекшілері	Директор жанындағы кеңес
3	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы бұйрығы талаптарын орындау. ҚМЖ ның құрылымы	Әр күні	Пән мұғалімдері	Әдістемелік кеңес
4	Оқушылардың дәптерлерін, күнделіктерін тексеру	27.09.2023ж	Пән мұғалімдері, сынып жетекшілер, директор орынбасарлары	Директор жанындағы кеңес
5	Оқушылардың жеке іс – қағаздарының жүргізілуі	28.29.2023ж	Сынып жетекшілер, іс жүргізуші	Директор жанындағы кеңес
6	Оқушылардың сабаққа қатысуы	Әр күні	Сынып жетекшілер, тәрбие ісі орынбасарлары	Директор жанындағы кеңес
7	«Тіл тағдыры-ел тағдыры» ҚР халықтарының Тілдер күнін өткізуге арналған мерекелік іс –шараларының өткізілуі	Апта бойы	Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері, тәрбие ісі орынбасарлары	Директор жанындағы кеңес
8	Бірлестік жетекшілерінің жұмысы	27.09.2023ж	Бірлестік жетекшілер	Әдістемелік кеңес
9	Үйірме, факультатив жұмыстары	27.09.2023ж	Пән мұғалімдері, оқу ісі орынбасарлары	Директор жанындағы кеңес
10	Жаңадан келген мұғалімдердің жұмыстарын бақылау	Апта бойы	Директор орынбасарлары	Директор жанындағы кеңес

Директор орынбасары:



А. Дюсенова

Келес ауданы «№31Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі педагогикалық кеңесі отырысының
№1 хаттамасы

Қатысқаны-101

29.08.2023ж.

Күн тәртібінде:

«2023-2024 оқу жылындағы оқу жоспарын таңдау туралы»

Тыңдалды:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А. Дюсенова сөзге шығып 2022-2023 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатты оқып таныстырды. Сонымен қатар 1-4-сыныптар 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 1-қосымшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1- қосымшасы негізінде оқитындығын, 5-9 сыныптар Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 6-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6 қосымшасы негізінде оқитындығын, 11 А,В және 10 А сыныптар Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 39-қосымшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымшасы негізіндегі жаратылыстану-математика бағытындағы оқу жоспарымен, 10 Б және 11 Б сыныптар Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 38-қосымшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 85-қосымшасы негізіндегі қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы оқу жоспарымен оқитындығын айтты.

Қаулы:

1. 2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптар Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 1-қосымшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1- қосымшасы негізінде оқитын болсын.
2. 5-9 сыныптар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 6-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6 қосымшасымен бекітілген негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарымен оқитын болсын.
3. 10-11 сыныптар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 38 қосымша және 39-қосымшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 85 –қосымша мен 86-қосымшасы негізіндегі қоғамдық гуманитарлық және жаратылыстану-математика бағытындағы үлгілік оқу жоспарымен оқитын болсын.

Жиналыс төрағасы:

А. Камбарова

Жиналыс хатшысы:

Г. Мусакулова

**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің қыркүйек айындағы атқарылған
мектепшілік бақылау бойынша атқарылған жұмыстары жайлы
МӘЛІМЕТ**

2023-2024 оқу жылының басталуына байланысты жалпы мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес біршама жұмыстар атқарылды.

14-25 тамыз аралығында мектеп басшысының бұйрығына сәйкес 1-11 сынып оқушыларына түгелдерлік оқулықтар таратылып берілді. Оқушылардың оқулықпен қамтылуы әдістемелік кеңесте қаралып, хаттама толтырылды.

28.08.2023 жылы күні өткізілген педагогикалық кеңесте мектеп мұғалімдері нормативтік құжаттармен және әдістемелік нұсқаулық хатында ұсынылған үлгілік оқу жоспарымен таныстырылып, нәтижесінде «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 08 қарашадағы №500, Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау негізінде мектеп ұжымы 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022ж №365 бұйрығы 6-қосымшасымен оқытуды, 10-11 сыныптарда Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022ж №412 бұйрығы, 38-39 қосымшалары, 1-4 сыныптарда Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 18.08.2023ж №264 бұйрығы, 1-қосымшасымен оқытуды таңдау жасап, бекітіліп, хаттамамен толтырылды.

Сонымен қатар директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары А.Дюсенова мен М.Сакибековалар мектепте әдістемелік кеңес жиынын өткізіп, мектеп мұғалімдерін мектептің әдістемелік жұмыс жоспарымен, Әдістемелік нұсқау хатымен, халықаралық зерттеу, PISA -ға, ББЖМ –ге дайындық жұмыс жоспарымен, ҰБТ -ге дайындық жұмыс жоспарымен таныстырып, бекітті. Хаттама толтырылды. Мұғалімдерге тақырыптық күнтізбелік жоспарларын

1-қыркүйекке дейін бекітіру ескерітіліп, нәтижесінде 29.08-01.09.2023 ж күндері барлық мұғалімдердің КТЖ лары толық бекітілді, бірлестік отырысында қаралып мектептегі ҰБТ, ББЖМ, PISA –ға дайындық жұмыстарының кестесі жасалынып, мектеп дәлізіне ілініп, кесте бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Оқушылардың пәндік дәптерлеріне қойылатын ұстаным талаптармен пән ережелерімен пән мұғалімдеріне сабақ барысында таныстырып отыру ескертілді.

Мектеп мұғалімдерін электрон журналын толтыру инструкциясымен таныстырып, бағалардың дұрыс қойылуын және журналдың дұрыс толтырылуын күнделікті қадағалау жұмыстары жүргізілуде. Сынып жетекшілер оқушылардың жеке іс қағаздарын түгелдеп, сынып тізімін уақытында жасады. Мектепте 2023 жылдың 18-22.09 күндері аралығында 5-11 сыныптар бойынша қазақ тілі мен әдебиеті, физика, математика пәндерінің оқытылу барысы бақыланып, пән мұғалімдерінің сабақтарына еніп, талдау жасалынды. 2-4 сыныптар бойынша әдебиеттік оқу пәнінен оқу тездігі бойынша бақыланып, математика пәнінен бақылау жұмыстары алынып, талдау жасалынды. Мектепшілік пән олимпиадасына дайындық жұмыстары жүргізілуде. «Алтын сақа» олимпиадасына онлайн форматта тіркеліп, дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Күнделікті 1-4 бастауыш сынып оқушылары және аз қамтамасыз етілген отбасы оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуын қадағалап, күнделікті қамтамасыз етіп отырды. Мектептің брокераж комиссия мүшелері тамақтың мәзірі бойынша дайындаған тамағына, құрамына, тазалығына мониторинг жасап отырды.

Қыркүйек айының басында әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары бекітірілді, жоспарға сай айлық және апталық жоспарларда жасалынып бекітірілді. Жалпыға бірдей білім беру қоры тарапынан 1-4 сынып оқушылары және жоғары сыныптан 17 (АӘК алатын) оқушылар мектеп асханасынан бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылды. Тамақ ас

мәзіріне сай сапалы берілуде. "Мектепке жол" қайырымдылық акциясы аясында 3 оқушымызға кәсіподақ тарапынан жалпы құны 10 000 (он мың) тенге тұратын кеңсе заттары берілді. "Аманат" партиясы тарапынан 1 оқушымызға көмек берілді. Ауылымыздың депутаты Е.Молдабаев мырза 2 отбасының 4 баласына 100 000 (жүз мың) тенгеге мектеп формасын алып берді. Атаулы көмек алатын 42 оқушымыздың ата-аналарының есеп шоттарына 40567 тенгеден мектеп формасы үшін ақшалай түсті, қазіргі таңда мектеп формасын алып бергендігі жөнінде есебін жиі жұмыстары аяқталуда. Жәнеде демеушілер тарапынан аз қамтылған 7 оқушымызға мектеп сумкасы және 1 оқушымызға мектеп формасы үшін 10 000 (он мың) тенге берілді.

Мектептің әлеуметтік паспорты жасалынып, бекітірілді. Алдағы уақытта қиындыққа тап болған отбасылардың оқушыларымен жұмыс жүргізілуде.

Мектепте 10-сынып оқушыларының бейімдік оқытуға көшуді ұйымдастыру жұмысы бойынша 10-сынып оқушыларына мектеп психологтары сауалнама жүргізді, 10-сыныптар бойынша жалпы 59 оқушы бар. Олардың ішінде математикалық-жаратылыстану бағыты бойынша 30 оқушы тандап, қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 29 оқушы тандап оқытылуда.

Мектеп психологтары оқушылармен «Мен зорлық – зомбылыққа қарсымын» сауалнамасын алып қорытындысын шығарып отырды. Буллинг және кибербуллинг туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

7-қыркүйек күні болып өткен ата – аналар жиналысында буллинг және кибербуллинг туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата – аналар балдарына өз қолдауларын көрсетіп отыру керектігі айтылды.

Мектепте қыркүйек айында тәрбие жұмысын ұйымдастыруда «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиенің жылдық, айлық, апталық жоспарлар түзіліп бекітілді.

Мектептің тәрбие жоспарына сәйкес әр аптаның дүйсенбі күні дәстүрге сай Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаудан басталып, «Азаматтық форум» жиналысы өткізіліп, онда оқушылардың оқу үлгерімі, тәртібі, тазалығы, күнделігі, өмір қауіпсіздігі, марапаттау, хабарландыру, т.б. мәселелер қаралып отырылды. Күнделікті ұйымдастырушы педагог пен мектеп тәлімгері бірлесе оқушылардың сабаққа кешігуі мен қатысуын бақылауға алып, сынып жетекшілермен тығыз байланыста жұмыс жасалды.

1-қыркүйек күні 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Мектеп – мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын өткізіліп, барлық сынып оқушыларына «Адалдық сағаттары» өткізілді.

5-қыркүйек күні А.Байтұрсынұлының туған күніне орай «Тіл тазалығы» тақырыбында іс-шаралар мен сынып сағаттары өткізілді.

Тілдер мерекесіне орай 1-30 қыркүйек аралығында «Мәңгілік ел – мәртебелі тіл» тақырыбында іс-шаралар өткізілді.

7-қыркүйек күні жалпы мектептің ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жалпы қыркүйек айында барлық сыныптарда «Абайлаңыз балалар!» атты айлық іс-шаралар ұйымдастырылып, барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді.

Тәрбие жоспарына сәйкес «Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында мектеп бойынша ауқымды «Сергіту сәті» іс-шарасы өткізілді.

Мектеп парламентінің жаңа құрамы сайланып, өзін-өзі басқару ұйымының іс-шаралар жоспары бекітілді. Парламент мүшелері қыркүйек айында бірнеше рет республикалық онлайн вебинарға қатысты.

Сабақтан жиі қалатын және тәртібі нашар оқушылармен арнайы жұмыстар жүргізіліп, олардың ата-аналарымен кездесулер ұйымдастырылды.

Мектеп директоры:



А.Камбарова

**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің қыркүйек айындағы атқарылған
мектепшілік бақылау бойынша атқарылған жұмыстары жайлы
анықтама**

2023-2024 оқу жылының 25-29 қыркүйек аралығында жалпы мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес біршама жұмыстар атқарылды. Мектеп кітапханасында Оқуға құштар мектеп жобасы аясында "Bookcrossing" бұрышы ұйымдастырылды. Ақын, жазушы, философ, тарихшы Ш.Құдайбердіұлының туғанына 165жыл (мәнерлеп оқу сайысы) өткізілді. Оқуға құштар мектеп жобасы аясында аптаның әр бейсенбі күні "оқу сағаты" 20минуттық кітап оқу іс-шарасы болып өтілді. Жаңадан келген көркем әдебиет пен ертегі кітаптарды нөмірлеп әлуметтік парақшаларға жарнама жасалды. Мектептегі тәрбие жұмысы – ұлттық және адами құндылықтарға негізделген «Біртұтастәрбиебағдарламасын» іске асыру арқылы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу мақсатында жүргізілді.

Мектептің апталық тәрбие жоспарына сәйкес аптаның дүйсенбі күні дәстүрге сай Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаудан басталып, «Азаматтық форум» жиналысы өткізілді. Онда оқушылардың оқу үлгерімі, тәртібі, тазалығы, күнделігі, өмір қауіпсіздігі, марапаттау, хабарландыру, т.б. мәселелер қаралды. Күнделікті ұйымдастырушы педагог пен мектеп тәлімгері бірлесе оқушылардың сабаққа кешігуі мен қатысуын бақылауға алып, сынып жетекшілермен тығыз байланыста жұмыс жасалды.

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес, бұл аптада мектепте оқушылардың сабаққа қатысуына бақылау жасалды. Күнделікті ұйымдастырушы педагог пен мектеп тәлімгері бірлесе барлық сыныптардағы оқушылардың сабаққа қатысуын бақылауға алып, сабақтан жиі қалатын оқушылардың тізімі жасалып, сынып жетекшілер олардың сабаққа келмеу себебін анықтап, ата-аналармен байланыс жасады. Бақылау жұмыстары барысында барлық сыныптарға мониторинг жасалып сабақтан ең көп қалатын үш оқушы анықталды. Ата-аналарға «Білім туралы» Заңға сәйкес оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуге байланысты міндеттері түсіндірілді. Бақылау кезінде анықталған басқа да кемшіліктер түзетіліп, сол бойынша тиісті сынып жетекшілерге түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Директор орынбасары:



А. Дюсенова

М. Сакибекова

**«№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Электрондық журналдың толтырылуын тексеру
Нәтижесі бойынша
АНЫҚТАМА**

20.09.2023 жыл

Зерттеуобъектісі: «BilimClass» электрондық журналы.

Зерттеумерзімі: 2023жылғы 11–20 қыркүйек.

Тексеру мақсаты: сыныпжетекшілері мен пән мұғалімдерінің электрондық журналды уақтылы толтыру жұмысын тексеру.

Бақылау нысаны: жаппай.

Тексерді: директордың ОТИ жөніндегі орынбасарлары.

Мектеп құжаттамасының жүргізілуін мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2023 жылғы 11–20 қыркүйекте сынып жетекшілері мен пәнмұғалімдерінің 1–11-ші сыныптың электрондық журналының уақтылы толтырылуы тексерілді.

Бақылау барысында анықталды:

Мұғалімнің Т. А. Ә.	Ү/т берілген сабақ%	Тақырыпты толтыру%	Жоспарлау, %	Баға қойылған журнал саны	Журнал жүргізу, %
	75%	100%	100%	100%	100%

Тұжырымдар: Барлық мұғалімдер күнделік электронды журналын уақтылы жазып отырған. Мектеп әкімшілігі тарапынан күнде таңертең сағат 08: 00 да тексеріліп, уақтылы жазбаған мұғалімдерге ескерту беріліп отырады. Мектеп мұғалімдері сабақ тақырыптарын уақтылы жазып, үйге берілген тапсырма уақтылы жазылғандығы және оқушылардың бағалары дер кезінде қойылғаны анықталды.

Ұсынымдар: Алдағы уақытта электронды журналы ешқандай кемшіліксіз жүргізілуі қадағалансын.

Анықтаманы құрастырған директордың
ОТИ жөніндегі орынбасарлары:



А. Дюсенова
М. Сакибекова

**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің қыркүйек айындағы атқарылған
мектепшілік бақылау бойынша атқарылған жұмыстары жайлы
МӘЛІМЕТ**

2023-2024 оқу жылының 25-29 қыркүйек аралығында жалпы мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес біршама жұмыстар атқарылды.

Мектеп мұғалімдерін электрон журналын толтыру инструкциясымен таныстырып, бағалардың дұрыс қойылуын және журналдың дұрыс толтырылуын күнделікті қадағалау жұмыстары жүргізілуде «Bilim Class» электронды журналының толтыру барысы күнделікті қадағаланып отыр, мұғалімдер күнтізбелік тақырыптық жоспарларын жазып, оқушыларды бағалап, комментария жазып қойған.

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 06 сәуірдегі №130 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы бұйрығы талаптарын орындау мақсатында ҚМЖ ның құрылымын мектеп хабарландыру тақтасына іліп, мұғалімдерге түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырады, әр сабаққа кіруден алдын тексеріліп қол қойылады.

Сонымен қатар директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары А.Дюсенова мен М.Сакибековалар мектепте оқушылардың пәндік дәптерлеріне қойылатын ұстаным талаптармен пән ережелерімен пән мұғалімдеріне сабақ барысында таныстырып отыру ескертілген, пән дәптерлері талапқа сай тексерілген, бағаланған. Мектепте бірлестік жетекшілері тарапынан БЖБ, ТЖБ кестесі жасалынып бекітілді.

Оқушылардың жеке іс қағаздары өз уақытында жүргізіліп жатыр. Сынып жетекшілер оқушылардың жеке іс қағаздарын түгелдеп отыр. Мектебімізге келген, кеткен оқушылардың ата анасынан өтініштер дер кезінде алынып, бұйрық шығарылып отыр.

Мектебімізде 7 бірлестік жұмыс жасап жатыр, қазақ тілі және әдебиеті, математика және информатика, жаратылыстану, адам және қоғам, технология және өнер, денешынықтыру және бастауыш бірлестіктерінің жұмыстары қаралды, нәтижесінде бірлестік жетекшілерінің жұмыс жоспарларына сәйкес, барлық іс қағаздарының түгелділігін, жоспарға сай жұмыс атқарылып отырғанын анықтадық.

Жанадан келген жас мамандардың сабағына еніп, әдістемелік көмек берілді, сабақты ұйымдастыру мақсатына бағыт бағдар көрсетілді.

Мектепте 25-29 қыркүйек аралығында тәрбие жұмысын ұйымдастыруда «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша ұлттық құндылықтар негізінде аптаға жоспарланған іс-шаралар өткізілді.

Мектептің тәрбие жоспарына сәйкес аптаның дүйсенбі күні дәстүрге сай Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаудан басталып, «Азаматтық форум» жиналысы өткізіліп, онда оқушылардың оқу үлгерімі, тәртібі, тазалығы, күнделігі, өмір қауіпсіздігі, марапаттау, хабарландыру, т.б: мәселелер қаралды. Күнделікті ұйымдастырушы педагог пен мектеп тәлімгері бірлесе оқушылардың сабаққа кешігуі мен қатысуын бақылауға алып, сынып жетекшілермен тығыз байланыста жұмыс жасалды.

Мектептің жылдық тәрбие жоспарына сәйкес, 26 қыркүйек күні Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы, полиция капитаны А.Интикбаеваның қатысуымен «Ұлдар кеңесінің» жиналысы өткізілді. Оған мектептің жоғары 8-11 сыныптардың ұл балалары қатысып, онда «Кәмелетке толмаған балалар арасындағы түрлі құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» мәселе қаралды.

Келес ауданының білім бөлімінің тапсырмасына сәйкес, мектепте 27 қыркүйек күні жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыстың күн тәртібінде, мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен зорлық-

зомбылықтың алдын алу туралы және жасөспірімдерді діни экстремизм мен жат діни ағымдардан сақтандыру туралы және тағы да басқа түрлі мәселелер талқыланды. Жиналысқа мектеп басшылары мен мұғалімдер, ел ағалары, ата-аналар комитеті, ауылдың қоғамдық ұйым өкілдері мен учаскелік полиция инспекторы, мектептің «Әкелер кеңесі», «Аналар кеңесінің» мүшелері қатысты.

28-қыркүйек күні барлық сыныптарда Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 20.02.2023 жылғы №2-3-6/1569-И хатына және 2023 жылға арналған жобалар картасының 35-тармағына сәйкес мектепте Жалпыреспубликалық «Адалдық сағаты» акциясы аясында тәрбиелік сынып сағаттары өткізілді.

Келес ауданының білім бөлімінің бекіткен жоспарына сәйкес, мектепте 29-қыркүйек күні «Ақындар айтысы» іс-шарасы өткізілді. Онда мектептің ақындық өнері мен қабілеті бар талантты оқушылар сайысқа түсіп, өз өнерлерін көпшілікке паш етті.

Мектеп парламентінің мүшелері бұл аптада мектепішілік іс-шараларды өткізуде және оқушылардың тазалығы мен тәртібін бақылауда белсенділік танытып жұмыс жасады.

Мұғалімдердің кәсіби мерекесіне байланысты апталық іс-шаралар жоспары жасалып, 28-қыркүйек күні «Мұғалімдерді ұлықтау» тақырыбында апталықтың ашылуы болды.

Сабақтан жиі қалатын және тәртібі нашар оқушылармен арнайы жұмыстар жүргізіліп, олардың ата-аналарымен кездесулер ұйымдастырылды.

Мектепте өткізілген барлық тәрбиелік іс-шаралар мектептің әлеуметтік желідегі «Facebook» парақшасына жарияланды.

Мектеп директоры:



А.Камбарова

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ПӘНДЕР БОЙЫНША КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЛАУДЫ БАҚЫЛАУ АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау негізі: 2023-2024 оқу жылына арналған КТЖ жоспары

Бақылаудың мақсаты: оқу жұмысы бағдарламаларының қолжетімділігін, олардың іске асырылатын білім беру бағдарламаларының деңгейі мен бағытына сәйкестігін, құрылымына, мазмұнына, ресімделуіне, оқу жұмыс жоспарларын қабылдау және бекіту тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкестігін бақылау.

Бақылау объектілері: пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау
Тексеру мерзімі: 2023 жылғы 2-5 қыркүйек.

Бақылау нәтижелері:

Мектепшілік бақылау іс-шараларын жүзеге асыру шеңберінде, сондай-ақ 2023-2024 оқу жылының басталуын ұйымдастыру мақсатында 2023 жылғы 29 тамыз және 1 қыркүйек аралығында пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларға тексеру жүргізілді. Орындалды:

Бұған дейін пән мұғалімдеріне күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауға қойылатын талаптар туралы ұсыныстар берілген. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарда мыналар көрсетілуі керек: пән, сынып, сағат саны (жылдық, апталық, тоқсандық, сабақ саны, оқушылардың білімін бақылау сабақтарының саны және олардың түрлері: бақылау жұмысы, бақылау диктанты, сөздік диктанты, есептер, рефераттар, практикалық және зертханалық жұмыстар, бақылау жұмыстары, бақылау жұмыстары, пайдаланылған әдістемелік әдебиеттер, Күнтізбелік – тақырыптық жоспарлау мектептің барлық мұғалімдерімен түсіндірме жазбаларымен құрастырылады. Тексеру кезінде мұғалімдердің барлық күнтізбелік және тақырыптық жоспарлауы қамтамасыз етілді. Тексеру көрсеткендей, жоспарлауды құру кезінде мұғалімдер мыналарды пайдаланды:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу бағдарламалары;
- тиісті пән бойынша тақырыптық жоспарлау;
- 2023-2024 оқу жылына арналған мектеп бағдарламасы;

Барлық пән мұғалімдерінің негізгі аталған талаптарды қанағаттандыратын вариативті бөлімнің сағаттарының тақырыптық кестелері мен жұмыс бағдарламалары тексерілді. Барлық күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда түсіндірме жазба, бақылау бөлімдерін өткізудің болжамды мерзімдері болды. Түсіндірме жазбалар субъект жұмысының өзектілігін көрсетілген, алдағы жұмыстың мақсаттары мен міндеттері нақты тұжырымдалған. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау оқу бағдарламасына сәйкес, әдістемелік жағынан дұрыс құрастырылған, бірақ жекелеген мұғалімдерде аздаған кемшіліктері бар. Бірақ ауызша пікірлерден кейін барлық кемшіліктер түзетілді.

Бақылау нәтижелері бойынша қорытындылар:

1. Барлық мұғалімдер жұмыс бағдарламаларын уақытылы тексеруге тапсырды.
2. Негізінен мұғалімдер жұмыс бағдарламаларының құрылымына, мазмұнына, ресімделуіне, қабылдау және бекіту тәртібіне, күнтізбелік және тақырыптық жоспарлауды дайындауға қойылатын талаптарды сақтайды. Оқу-тақырыптық жоспарлауда мұғалімдер бағдарламаның тараулары мен тақырыптарын оқу ретін ашып көрсеткен. Оқу сағаттарын тараулар мен тақырыптар бойынша бөлу оқу жүктемесінің максималды көлеміне қарай жүзеге асырылған.

Мұғалімдердің жұмысы бойынша тәжірибе алмасу мақсатында жыл бойына ашық тақырыптық сабақтарды ойластырып, жоспарлау.

Ұсыныстар:

1. Жұмыс бағдарламалары бойынша түсініктеме алған мұғалімдер кемшіліктерді түзетеді.
2. Электрон журнал қатаң түрде тақырыптық жоспарлауға сәйкес толтырылсын.
3. Қажет болған жағдайда жұмыс бағдарламаларында күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды бағдарламада міндетті белгі қою арқылы түзетуді жүзеге асыру.

Бақылауды жүргізген: директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А. Дюсенова
Тексерген күні: 01.09.2023 жыл

**«№ 31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» кмм
қыркүйек айы бойынша вариативті пәндердің жүргізілуін
бақылау туралы анықтама**

Мақсаты: Оқушыларға жүргізілетін таңдау, вариативті пәндердің жүргізілу барысын зерделеу

Мерзімі: 01.09 – 30.09.2023ж

Мазмұны:

Оқушылардың таңдау, вариативті пәндердің жүргізілу барысын зерделеу

01.09 – 30.09. аралығында оқушылардың жаһандық құзыреттілік бойынша курстарына зерделеу жұмысы жүргізілді. Аталған таңдау курсы бойынша мектебімізде кәсіби бағдар бойынша, элективті курс сағаттары жүргізіледі, сабақ кестесіне қойылған.

Зерделеу барысында мұғалімдердің тақырыптық күнтізбелік жоспарлары, қысқа мерзімді сабақ жоспарлары мен кері байланыс беру деңгейлері зерделенді. Мұғалімдердің жоспарлары бекітілген, қысқа мерзімді жоспарлары жинақталған. Оқушыларға кесте бойынша сабақтар өткізілді. Зерделеу барысында өрескел қателіктер анықталмады.

Сабақ барысында оқушылардың белсенділіктері орташа. Оқушылардың белсенділіктерін арттыру мақсатында оқушыларға ізденіс тапсырмаларын көбірек беру ұсыныс ретінде пән мұғалімдеріне айтылды.

Тексерген :



А. Дюсенова

«№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Дәптер тексеру анықтамасы

№	Сынып/Пән мұғалімі	Дәптер тазалығы	«Қазақ тілі» пәні бойынша дәптердің тексерілуі	Дәптердің дұрыс жазылуы
1	7 «А» Арапбаева Б	Барлығы 23 оқушы. «Қазақ тілі» пәнінен тексеруге 20 оқушының дәптері берілді. Тексеру барысында мұғалімнің дәптерлерді тұрақты тексеретіндігі, оқушының жіберген қателерін түзетуі, үнемі бағалап отыратындығы көрінді. Дәптерлер қанағаттанарлық жағдайда: сырты талапқа сай толтырылған, қапталған. Оқушылардың жұмыс дәптерлерінің жүргізілу деңгейі әртүрлі, орфографиялық қателер көп, мұғалім түзету жасап, ескерту жазып отырған.	Мұғалім сынып жұмысын және үй жұмыстарын тексерген, бағалаған, қатені анық көрсеткен. Жазба жұмысының соңында түсініктеме қалдырған	Дәптерлер жиі тексерілді. Мұғалім тарапынан дәптерге дұрыс, анық жазу, класс және үй жұмыстарын жүйелі орындау, ережені қайталау, т.с.с. ескертпелерді көрсеткен.
2	9 «А» Қыдырова А	Барлығы 20 оқушы. «Қазақ тілі» пәнінен тексеруге 17 оқушының дәптері берілді. Тексеру барысында мұғалімнің дәптерлерді тұрақты тексеретіндігі, оқушының жіберген қателерін түзетуі, үнемі бағалап отыратындығы көрінді. Дәптерлер қанағаттанарлық жағдайда: сырты талапқа сай толтырылған, қапталған.	Мұғалім сынып жұмысын және үй жұмыстарын тексерген, бағалаған, қатені анық көрсеткен. Жазба жұмысының соңында түсініктеме қалдырған	Дәптерлер жиі тексерілді. Мұғалім тарапынан дәптерге дұрыс, анық жазу, класс және үй жұмыстарын жүйелі орындау, т.с.с. ескертпелерді көрсеткен.
3	9 «Г» Әсхужаева Ш	Барлығы 20 оқушы. «Қазақ әдебиеті» пәнінен тексеруге 16 оқушының дәптері берілді. Тексеру барысында мұғалімнің дәптерлерді тұрақты тексеретіндігі, оқушының жіберген қателерін түзетуі, үнемі бағалап отыратындығы көрінді. Дәптерлер қанағаттанарлық жағдайда: сырты талапқа сай толтырылған, қапталған. Оқушылардың жұмыс дәптерлерінің жүргізілу деңгейі әртүрлі. Тасболат Н жазуы анық емес, сөздер түсініксіз, орфографиялық қателер көп, мұғалім түзету жасап, ескерту жазып отырған.	Мұғалім сынып жұмысын және үй жұмыстарын тексерген, бағалаған, қатені анық көрсеткен. Жазба жұмысының соңында түсініктеме қалдырған	Дәптерлер жиі тексерілді. Мұғалім тарапынан дәптерге дұрыс, анық жазу, класс және үй жұмыстарын жүйелі орындау, т.с.с. ескертпелерді көрсеткен.

«А» Ордашова Б	Барлығы 26 оқушы. «Қазақ тілі» пәнінен тексеруге 22 оқушының дәптері берілді. Тексеру барысында мұғалімнің дәптерлерді тұрақты тексеретіндігі, оқушының жіберген қателерін түзетуі, үнемі бағалап отыратындығы көрінді. Дәптерлер қанағаттанарлық жағдайда: сырты талапқа сай толтырылған, қапталған.	Мұғалім сынып жұмысын және үй жұмыстарын тексерген, бағалаған, қатені анық көрсеткен. Жазба жұмысының соңында түсініктеме қалдырған	Дәптерлер жиі тексерілді. Мұғалім тарапынан дәптерге дұрыс, анық жазу, класс және үй жұмыстарын жүйелі орындау, т.с.с. ескертпелерді көрсеткен.
-------------------	---	---	---

Ескертулер:

Дәптер тексеру кезінде ереженің сақталуы және талапқа сай тексеру керек екені ескертіліп айтылды

Тексерілген күні: 27.09.2023жыл

Анықтаманы жасаған: Директордың оқу – ісі жөніндегі орынбасары:



А. Дюсенова

**«№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Электрондық журналдың толтырылуын тексеру
нәтижесі бойынша
АНЫҚТАМА**

24.10.2023 жыл

Зерттеуобъектісі: «Bilimclass»электрондық журналы.

Зерттеу мерзімі: 2023 жылғы 01–30 қазан

Тексеру мақсаты: сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің электрондық журналды уақтылы толтыру жұмысын тексеру.

Бақылау нысаны: жаппай.

Тексерді: директордың ОТІ жөніндегі орынбасарлары.

Мектеп құжаттамасының жүргізілуін мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2023 жылғы 01–30 қазанда сынып жетекшілері мен пәнмұғалімдерінің 5–11-ші сыныптың электрондық журналының уақтылы толтырылуы тексерілді.

Бақылау барысында анықталды:

Мұғалімнің Т. А. Ә.	Ү/т берілген сабақ%	Тақырыпты толтыру%	Жоспарлау, %	Баға қойылған журнал саны	Журнал жүргізу, %
	65%	100%	100%	80%	100%

Тұжырымдар: Барлық мұғалімдер білімкласс электронды журналын уақтылы жазып отырған. Мектеп әкімшілігі тарапынан күнде таңертең сағат 08: 30 да тексеріліп, уақтылы жазбаған мұғалімдерге ескерту беріліп отырады. Атап айтар болсақ тарих пәні мұғалімі Н. Киикбаев дінтану 9 сыныптардағы сабақтарының уақтылы жазбағаны анықталып, ауызша ескерту айтылды. Мектеп мұғалімдері сабақ тақырыптарын уақтылы жазып, үйге берілген тапсырма уақтылы жазылғандығы және оқушылардың бағалары дер кезінде қойылғаны анықталды.

Ұсынымдар: Алдағы уақытта білімкласс электронды журналы ешқандай кемшіліксіз жүргізілуі қадағалансын.

Анықтаманы құрастырған директордың
ОТІ жөніндегі орынбасарлары:



А. Дюсенова



«№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Серіктес мектептермен «Мектепшілік бақылауды тиімді ұйымдастыру» тақырыбындағы аймақтық семинардың жоспары

к/с	Тақырыбы	Өтілетін уақыты	Өтілетін орны	Серіктес мектеп	Жауаптылар
1	Серіктес мектептермен «Мектепшілік бақылауды тиімді ұйымдастыру» тақырыбындағы аймақтық семинардың ашылуы	10:00 – 10:15	Мектептің АКТ залы	№31 Ш. Уәлиханов атындағы жом	Мектеп директоры А. Камбарова /Хабарлама/
2	«Мектепшілік бақылауды жоспарлау»	10:15 – 10:50	ІТ кабинет	№32 жом	Директор орынбасары С. Абраимов /Баяндама/
3	«Мектепшілік бақылаудың тиімді әдіс – тәсілдері»	10:55 – 11:35	ІТ кабинеті	№31 Ш. Уәлиханов атындағы жом	Директор орынбасары А. Дюсенова /Коучинг/
4	«Мектепшілік бақылауды ұйымдастыру бойынша нұсқаулық»	11:40 – 12:00	ІТ кабинеті	№31 Ш. Уәлиханов атындағы жом	Директор орынбасары М. Сакибекова /Баяндама/

Түзген:  А. Дюсенова

«№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Серіктес мектептермен өткізілген «Мектепішілік бақылауды тиімді
ұйымдастыру» тақырыбындағы семинар

Хаттама №1

06.10.2023 жыл

Жүзімдік ауылы

Қатысқаны – 14

Қатыспағаны – 0

Күн тәртібінде:

1. Серіктес мектептермен «Мектепішілік бақылауды тиімді
ұйымдастыру» тақырыбындағы семинардың өтілуі.

Тыңдалды:

«Мектепішілік бақылауды тиімді ұйымдастыру» тақырыбындағы семинарға серіктес мектептердің директор орынбасарлары мен бірлестік жетекшілері қатысты. №31 Ш. уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры А. Камбарова жоспар бойынша мектепте өткізілген серіктес мектептермен ««Мектепішілік бақылауды тиімді ұйымдастыру» тақырыбындағы семинардың аяқталуын хабарлап, өз сөзінде баяндамашыларға алғысын білдіріп, №32 жалпы орта мектептің оқу – ісі жөніндегі орынбасары С. Абдраимовтың «Мектепішілік бақылауды жоспарлау» тақырыбындағы баяндамасында көрсетілген мектепішілік жоспарлаудың құрылымының өте тиімді екенін айтып, басқа мектептерге үлгі етуге ұсынды. Серіктес мектептерден келген №33 «Жуантөбе» жалпы орта мектебінің оқу – ісі жөніндегі орынбасары А. Адеева сөзге шығып, бұл ұсынысты қолдайтынын білдірді. Семинарға қатысушы қалған мұғалімдерде бұл ұсынысты қолдады.

А. Адеева семинарда өтілген коучинг сабақтар, оқылған баяндамалардан құнды мәліметтер алғанын алға тартып, баяндамашыларға алғысын айтты.

Ұсыныс:

Серіктес мектептермен «Мектепішілік бақылауды тиімді ұйымдастыру» тақырыбындағы семинардан алынған тиімді әдіс - тәсілдер серіктес мектептер арасында өзара әдіс алмасу мақсатында қолданылсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



А. Камбарова

А. Ергешова

2023 жылдың Қазан айының 20-30 аралығында

6- сыныптардың

жұмыс дәптерлерін тексеру

анықтамасы

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес,білім беру ұйымы қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді орындау мақсатында:

Дәптерге қойылатын бірыңғай талаптың орындалуы, көркем жазуы, тазалығы, дәптер жүргізу мәдениеті, дағдысы, үй жұмысы нормасының орындалуы, қатемен жұмыстың орындалуы, тексеру сапасы, өз бетімен жұмыс түрі, мазмұны, орфографиялық режимнің сақталуы, оқушы дәптерін тексеру сапасы: тексеру жиілігі, нашар оқитын оқушы жұмысының тексерілуі, деңгейлік тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар тексерілді.

Нәтижесінде:Жұмыс дәптерлерін мұғалімдер жүйелі түрде тексеретіні, дәптерлердің болуы сыныптағы оқушылардың сандық құрамына сәйкес келетіні анықталды. Барлық пәндердің дәптерлерінің жүргізілуінде бірыңғай орфографиялық режим сақталған: күнделікті сабақ тақырыптары мен күн реті көрсетілген, өрістер мен қызыл сызық сақталған. Дәптер мұқабасының оқушылардың өз қолдарымен толық,ұқыпты толтырылғандығы байқалды.Сынып және үй жұмысының көлемі нормаға сәйкес келеді. Жұмыс дәптерлерінің көпшілігінде оқушы тарапынан жіберілген қателерді пән мұғалімдері түзетіп, дұрыс үлгісін көрсеткен.Дегенмен білім алушылардың жазу үлгілерін жақсарту жұмыстарын қолға алу керектігі де көзге түсті. Дәптердегі тапсырмалардың дұрыс тексерілуімен бағаның критерийге сай қойылуы, әр тапсырмадан соң жазылатын пікірдің (коментарий) жазылуына көбірек назар аударылуы керектігі байқалды.

Қазақ тілінен

6 «а» сыныпқа Ордашова Б

6 «б» сыныпқа Арапбаева Б

6 «в» сыныпқа Коигелдиева А сабақ береді

Үлгілі дәптерлер

6 «а» сынып оқушылары Қамбарқұл Сезім, Нышанқұл Айсәуле, Анарбек Гүлайым, жамал ерасыл, асан Амина, Мұратбек Ақбота

6 «б» сынып оқушылары Ақжол Аяна, Жарылқасын Көркем, Құттыбек Назерке, Жақсылық Балжан, мансуров Адилет, Жекебай Н, сүгірбай Алихан

6 «в» сынып оқушылары Аман Мақсат, Зунун Сезім, Мырзағали Аяла, Пердебай Әлия, Меңлен Інжу

Жалпы сынып оқушыларының дәптерлерінің жағдайы жақсы.

Орыс тілінен

6 «а» сынып – 1 топ – Турдыбаева Д. 2 топ – Сарсенова Д.

6 «б» сынып – 1 топ – Турдыбаева Д. 2 топ – Сарсенова Д.

6 «в» сынып – 1 топ – Турдыбаева Д. 2 топ – Сарсенова Д.

Сынып оқушыларында орыс тілі мен әдебиеті пәнінен №1, №2 жұмыс дәптерлері арналған.

Жиынталған ақпараттар және оларды талдау нәтижелері бойынша қорытынды пікірлер мынадай: 6 сыныптарда жазбаша жұмыстар бағдарламалық материалға сәйкес жүргізіледі. Сынып жұмыстарының көлемі 6 сыныптарда бағдарламалық материалына қойылатын нормативтік талаптардан аспайды. Дәптерлер тұрақты түрде тексеріледі, мұғалімдер каллиграфияға көңіл бөледі, бағдарламалық материалдар орындалу үстінде.

6 «А» сыныбында 1 топ – турдыбаева Д. – 8 дәптер (барлығы 14 оқушы), 2 топ – Сарсенова Д – 12 дәптер (барлығы 14 оқушы) өткізді, бірінғай орфографиялық режимді сақтау жөнінде оқушылармен жұмыстар жүргізген. Сыныпта және үйде орындалатын тапсырмалардың қателерін түзету жұмыстарын талапқа сай орындаған. Бірақ, екі топтың дәптерлерінде оқушы жіберген көптеген қателер мұғаліммен белгіленбеген.

1 топтың оқушылары көбі таза көркем жазады, дәптерлерінің сырты бірінғай қапталған. Мұратбек Ақбота дәптері үлгілі деп айтуға болады.

Мәнбай Рауанның жазбалары жалпы дәптерге жазылған. Басқа оқушылардың дәптерлері талапқа сай, таза.

2 топтың оқушылары көбі дәптерлерін лас ұстайды, дәптерлерінің сырты бірінғай қапталмаған. 12 дәптердің 4-де дәптер парағы толық емес. Нұрлан Саяттың жазбасы жалпы дәптерге жазылған.

Тасған Ақжол, Таубай Жасұлан, Убайдулла Мейрас осы оқушылардың дәптерлерінде көп қателер байқалады, ұқыптылық жоқ. Амангелді Аслан сынып жұмыстарын толық орындамаған, күн ретін санмен жазған. Сөйлемдерде кездесетін тыныс белгілерден қате жіберген, қызыл сызықтан асырып жазған.

6 «Б» сыныпта 1 топ – Турдыбаева Д– 10 дәптер (14 оқушы), 2 топ – Сарсенова Д. – 9 дәптер (15 оқушы) өткізді. Жұмыс мазмұны бағдарламалық материалмен сай келеді. Екі топтың дәптерлерінде оқушы жіберген көптеген қателер мұғаліммен белгіленбеген.

1 топтың оқушылары көбі таза жазады, дәптерлерінің сырты бірінғай қапталған. Бірақ дәптерлерінің қабы қатемен толтырылған.

Сыныпта және үйде орындалатын тапсырмалардың көлемі нормаға сәйкес, тұрақты түрде қателерді түзету жұмыстары атқарылмаған. Оқушы жұмыстарын

тексеру сапасы төмен, мұғалім соңғы сабақтарын қана тексеріп, коментарийлер жазған.

Тәния Абзал, Тұрлыбек Жұмаханнның дәптерлерінде көп қате байқалады.

2 топтың оқушылары көбі таза, талапқа сай жазады, дәптерлерінің сырты біріңғай қапталған. Қарлыбай Ақарыс дәптерін таза ұстамайды.

6-сынып 2 топ – Турдыбаева Д. – 9 дәптер өткізді (барлығы 15 оқушы). Біріңғай орфографиялық ережені сақтау жөнінде оқушылармен жұмыс жүргізген. Сынып жұмыстары мен үй жұмыстарының көлемі нормаға сәйкес. Оқушылардың каллиграфиясына байланысты елеулі жұмыстар жүргізілуде. Сыныпта және үйде орындалатын тапсырмалардың қателерін түзету жұмыстары атқарылды. Зулун Сезімнің дәптері үлгілі деп айтуға болады.

Математика пәнібойынша

6-сынып – Туленова Б

6-сынып – Садыкова Д

6-сынып – Туленова Б сабақ береді.

Сынып оқушыларында тек жұмыс дәптер арналған.

6-сыныбы: Сыныпта және үйде орындалатын тапсырмалардың көлемі нормаға сәйкес, тұрақты түрде қателерді түзету жұмыстары атқарылады.

Оқушы жұмыстарын тексеру сапасы жақсы, мұғалім тарапынан жіберілген қателер байқалған жоқ. Мұғалім біріңғай тексеріс жұмыстарын жүргізіп отырған. Оқушылардың қателері түзетіліп, баға қойылған.

Оқушылардың көбі таза көркем жазады, дәптерлерінің сырты қапталмаған оқушылар – 2

Мұғалім тарапынан жіберілген қателер байқалған жоқ.

6-сыныбы

Мәжесті Бекбота дәптері лас, жай бөлшектерді дұрыс жазылмаған, боялған, сызылған. Тәлім Нұрислам дәптердің сырты дұрыс толмаған, лас, замаска пайдаланған. Мұғалім тарапынан ескертулер тым аз

6-сыныбы бойынша **математика** пәнінен барлық оқушылардың дәптерлері толық өткізілген, жиі тексеріледі. Асан Қалжігіт, Бүркітбай Мирас дәптерлеріндегі тапсырмалар толық орындамаған, мұғалімнің ескертулері көп.

Үлгілі дәптер: Қамбарқұл Сезім, Ауғамбай Тастан Ақжол.

Үлгілі:

- Жоғарыда аталған оқушылардың көркем жазуына көңіл бөлу;
- Оқушылардың сауаттылығы мен қателіктерін нақты критерийлермен бағалау;
- Оқушы қатесі нақты көрсетіліп, қатемен жұмыс жүргізу;
- Оқушы дәптерінің үнемі болуын қадағалау;
- Оқушы дәптері сыртын талапқа сай толтыру;

- Сабаққа дайындық кезінде барлық пән мұғалімдері сабақтың әр кезеңдеріне сәйкес түрлі жұмыс түрлерін қолдану;
- Бірлестік отырыстарында мұғалімдерді жұмыс дәптерлерін тексеру нәтижелері бойынша жазылған анықтамамен таныстыру;
- Пән мұғалімдері оқушылардың жұмыс дәптерлерін тексеруге толық тәжірибесін жетілдіру;
- Қосымша сабақ беретін мұғалімдер оқушылардың каллиграфиясына байланысты жұмыстарды күшейту;
- Көзек тіліне арналған дәптерлерді жүргізу кезінде бірыңғай орфографиялық режимнің қатаң сақталуын қадағалау;
- Дәптерлер жүйелі түрде тексеріліп, жазба жұмыстарының талапқа сай орындалуын қадағалау.

Директор орынбасары:

А. Дюсенова

2023 жылдың Қазан айының 20 – 30 аралығында

5- сыныптардың

жұмыс дәптерлерін тексеру

анықтамасы

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес, білім беру ұйымы қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді орындау мақсатында: Дәптерге қойылатын бірыңғай талаптың орындалуы, көркем жазуы, тазалығы, дәптер жүргізу мәдениеті, дағдысы, үй жұмысы нормасының орындалуы, қатемен жұмыстың орындалуы, тексеру сапасы, өз бетімен жұмыс түрі, мазмұны, орфографиялық режимнің сақталуы, оқушы дәптерін тексеру сапасы: тексеру жиілігі, нашар оқитын оқушы жұмысының тексерілуі, деңгейлік тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар тексерілді.

Нәтижесінде: Жұмыс дәптерлерін мұғалімдер жүйелі түрде тексеретіні, дәптерлердің болуы сыныптағы оқушылардың сандық құрамына сәйкес келетіні анықталды. Барлық пәндердің дәптерлерінің жүргізілуінде бірыңғай орфографиялық режим сақталған: күнделікті сабақ тақырыптары мен күн реті көрсетілген, өрістер мен қызыл сызық сақталған. Дәптер мұқабасының оқушылардың өз қолдарымен толық, ұқыпты толтырылғандығы байқалды. Сынып және үй жұмысының көлемі нормаға сәйкес келеді. Жұмыс дәптерлерінің көпшілігінде оқушы тарапынан жіберілген қателерді пән мұғалімдері түзетіп, дұрыс үлгісін көрсеткен. Дегенмен білім алушылардың жазу үлгілерін жақсарту жұмыстарын қолға алу керектігі де көзге түсті.

Дәптердегі тапсырмалардың дұрыс тексерілуімен бағаның критерийге сай қойылуы, әр тапсырмадан соң жазылатын пікірдің (коментарий) жазылуына көбірек назар аударылуы керектігі байқалды. Қазақ тілінен 5 -сыныптарға:

5 «а,г» сынып – сабақ беретін мұғалім Жүзжасарова Ж

5 «б,в» сынып – сабақ беретін мұғалім Коигелдиева А сабақ береді.

Сынып оқушыларында қазақ тілі пәнінен жұмыс дәптерлері арналған.

5- сыныптарда жазбаша жұмыстар бағдарламалық материалға сәйкес жүргізіледі. Дәптерлер тұрақты түрде тексеріледі, мұғалімдер каллиграфияға көңіл бөледі, бағдарламалық материалдар орындалу үстінде.

5 «а,в,б» сыныптарында бірыңғай орфографиялық режимді сақтау жөнінде оқушылармен жұмыстар жүргізген. Сыныпта және үйде орындалатын тапсырмалардың қателерін түзету жұмыстарын жақсы талапқа сай оқушылар орындаған.

Оқушылардың көбі таза көркем жазады, дәптерлерінің сырты қапталған. мұғалім тарапынан жіберілген қателер байқалған жоқ.

Үлгілі дәптерлер:

Мұстафа Айзере, Нұрлан Балауса, Жұмабек Нұрсила, Әбдірахым Сания Дегенмен, кейбір оқушылардың жазуы түсініксіз. Атап айтатын болсақ: Хайрат Рамазан, Ораз Даулет т.б

Орыс тілі пәнінен 5-сыныптарға Турдыбаева Д, Сарсенова Д сабақ береді.

5«А» сынып оқушыларының есеп дәптерлері бойынша, дәптер сырты талапқа сай, орыс тілінде жазылып толтырылған. Бұл сыныпта Абдурахым Ғажайып, Үкібай Дамира дәптерлері өте таза, ұқыпты, сауатты, қатесіз талапқа сай жүргізілген. Сонымен қатар, Хұсанбай Нұрислам, Рыхсыбек Ақылбек үй тапсырмаларын толық орындамаған, яғни берілген жаттығулар мен үй тапсырмаларын толық жазбаған, дәптерге қойылған талаптар толық орындалмаған, жазу үлгілерін түзету мақсатында пән иелері қосымша жұмыстар жүргізуді қажет етеді.

5 «В» сынып оқушыларының барлығында жазу дәптерлері бар, қапталған, сырты орыс тілінде толтырылған. Жүсіп Арайлым, Ерғали Арайлым дәптерлері ұқыпты, таза, жазу үлгілері талапқа сай және барлық тапсырмалар өз уақытында орындалған, мұғалім тарапынан әр тапсырмадан кейін пікір жазылған.

Тұрғанбай Бекзат, Мұратбек Арсен тапсырмаларды толық орындап жазбаған, Тұрғанбек Нұрмазан, Асан Аяжан дәптерлерін ұқыпсыз жазған, тексеруден кейінгі ескертпелерді және түзету тапсырмаларын орындамаған, өшіру, бояу құралдарын көп қолдану сияқты кемшіліктер анықталды.

5 «Б» сынып оқушыларының дәптерлері қапталған, талапқа сай толтырылған, пән мұғалімдері әр тапсырманы тексерген, қатемен жұмыс жасаған. Бірқатар оқушылардың дәптерлері таза, ұқыпты, жазу үлгілері мен дәптердің ұсталуы талапқа сай жүргізілген. Ал кейбір оқушылардың дәптерлері талапқа сай емес, жазу үлгілері нашар, қапталмаған, бояу, шимайлау көп кездеседі. Бұл оқушылардың жазу үлгілерін түзету, көркем жазуға бейімдеу жұмыстары жүргізу қажеттілігі пән мұғалімдеріне ескертілді..

Қорыта айтқанда, тексеру нәтижесінде пән мұғалімдері дәптердің жүргізілуіне қойылатын талаптар бойынша тиісті жұмыстар жүргізетіндігі, өз уақытында тексеріп, тиісті ескертулерді, көркем жазуға үйрету, қателерді түзету тапсырмаларын беріп және оның орындалуын қадағалайды. Дәптердің ұсталуы бойынша кемшіліктер жіберген оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу, жазу үлгілерін түзетуге, ұқыптылыққа, тазалыққа, сауатты жазуға, көркем жазуға үйрету шараларын іске асыру қажет екендігі ескертілді және пән мұғалімдері тексеру қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктермен және оны түзету жөніндегі ұсыныстармен ӘБ отырыстарында таныстырылады.

Математика пәнінен 5-сыныптарға төмендегі мұғалімдер сабақ береді.

5 «а» сынып – Садыкова Д

5 «б» сынып – Абдымуталиева Р

5 «в,г» сынып – Абдымуталиева Р

Сынып оқушыларында тек жұмыс дәптер арналған. оқушылар тапсырманы уақытылы орындамайды, дәптер сырты қапталмаған оқушыларда кездеседі. Дегенмен, мақтауға тұрарлықтай талапқа сай қапталған, ұқыппен жазылған дәптерлерде кездеседі. 5 «а» сыныбында дәптер саны 20. Сыныпта және үйде орындалатын тапсырмалардың көлемі нормаға сәйкес, тұрақты түрде қателерді түзету жұмыстары жүргізіледі. Оқушы жұмыстарын тексеру сапасы жақсы, мұғалім тарапынан жіберілген қателер байқалған жоқ. Оқушылардың қателері түзетіліп, ұпайлар қойылған. Оқушылардың көбі таза көркем жазады, дәптерлерінің сырты қапталмаған 3 оқушы.

5 «б» сыныбында дәптер саны 20.

7 оқушы дәптерінің сырты қапталмаған. 4 оқушының дәптері сырты дұрыс толтырылмаған, дәптерлері талапқа сай емес. 08.09 күні сынып жұмысына жазылмаған. Мұғалім тарапынан ескертулер тым аз.

5 «б» сыныбында өткізген дәптер саны 20 оқушы.

